



"Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 477 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 818 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.12.2018 № 818 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 184-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 12 сәуірдегі
№ 477 қаулысымен
бекітілген

"Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы

"Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ӘКК) 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1236 қаулысымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларына

және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасына (бұдан әрі – Тұжырымдама) сәйкес әзірленген.

Стратегияның тұжырымдамалық сипаты бар және Стратегия келісіліп, бекітілгеннен кейін әзірленетін ұйымдастырушылық іс-шаралар мен құжаттамалық рәсімдердің сипатын қамтымайды.

Стратегия кейінгі бағдарламалық құжаттарды, орта мерзімді даму жоспарларын, болжамды қаржы модельдерін, сондай-ақ ӘКК бюджетін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Осы Стратегия таяудағы 10 жылға арналған миссияны, пайымды, стратегиялық бағыттарды, мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, оларды іске асыру тетіктері мен қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындайды және мыналардың:

1) Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауының;

2) "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығының;

3) "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығының;

4) "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығының;

5) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығының;

6) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығының;

7) "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығының;

8) "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамытудың 2015 жылға дейінгі жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 90 қаулысының;

9) "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысының;

10) "Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 қаулысының;

11) "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысының;

12) "Өнімділік 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысының;

13) "Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 қаулысының негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген.

ӘКК құру кезінде экономикалық даму үшін өңірлік локомотивтер қалыптастыру идеясы айқындалды. ӘКК-ге қызметі өңір тұрғындарының әлеуметтік, экономикалық және мәдени мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған орнықты бизнес-құрылымның рөлі белгіленді.

Стратегияны әзірлеу мыналармен негізделеді:

1) негізгі басымдықтар, оларды іске асыру көздері мен тетіктері туралы нақты түсінігі бар ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамудың нысаналы бағдарларының болу қажеттігі;

2) өңірдің әлеуметтік саласын үйлесімді дамыту қажеттігі;

3) ӘКК әлеуетін іске асыру үшін басым болып табылатын бағыттар мен қызмет салаларын айқындау;

4) ӘКК дамыту саясаты мен оның жұмыс істеу моделін қалыптастыру;

5) өңірлік даму институты ретінде ӘКК одан әрі қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу.

1. Ағымдағы жағдайды талдау

Сыртқы ортаны талдау

"Қазақстан-2050": қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясына сәйкес Стратегияның басты мақсаты – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру. Мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың негізінде берекелі қоғам құру, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Мемлекет басшысы үш бірдей жаңғырту жүргізу: мемлекеттің іргесін қалау мен

нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту міндетін белгілеп берді. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты экономикалық прагматизм қағидаттарына негізделеді.

Экономикалық даму

Жалпы өңірлік өнім

Алматы қаласы ұзақ кезең бойы жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) көлемі бойынша ел өңірлерінің арасында алдыңғы қатардағы орындардың бірін иеленіп келеді.

2013 жылғы 9 ай ішінде Алматы қаласы өндірген ЖӨӨ көлемі 4 481 058,6 млн. теңгені құрап, 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 108,1% болды. Қазақстан ЖӨӨ-сінің 18,3 %-ы Алматы қаласының үлесіне тиесілі, бұл республиканың басқа өңірлерінің арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Алматы қаласының жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2 863,5 мың теңгені құрайды.

1-кесте – Экономикалық қызмет түрлері бойынша 2013 жылғы 9 айдағы Алматы қаласының ЖӨӨ

Қызмет бағыты	млн. теңге	ЖӨӨ %-бен	
		қорытындыға қатысты	республикалық деңгейге қатысты
Барлығы	4 481 058,6	0,01	18,3
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	410,4	5,38	0,1
Өнеркәсіп	2 287 736,2	0,00	3,2
Кен өндіру өнеркәсібі және карьер қазу	36,7	4,29	0,0
Өңдеуші өнеркәсіп	1 823 63,5	0,92	7,4
Электрмен жабдықтау, газ бен бу беру және ауа тазарту	39 042,6	0,17	8,0
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен таратуды бақылау	7 293,4	2,96	7,9
Құрылыс	1 257 770,7	33,68	10,3
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	1 432 360,1	5,67	40,8
Көлік және қоймаға жинау	2 409 988,0	7,09	14,8
Ақпарат және байланыс	3 015 66,9	8,09	66,9
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	3 441 20,4	24,33	22,0
Басқа қызметтер	1 263 121,1	7,41	26,9

Таза салық	3 15 248,6	0,01	18,7
------------	---------------	------	------

ӘКК өз қызметін шағын және орта бизнес, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сауда саласында және инвестиция саласында жүзеге асырады, осыған байланысты сыртқы ортаны талдау дәл осы салаларда жүргізілді.

Өнеркәсіп

2013 жылдың қаңтар-желтоқсанында Алматы қаласында шығарылған өнеркәсіптік өнімнің қолданыстағы бағасы 616,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылдың қаңтар-желтоқсанындағы деңгейге қатысты 105,5%-ды құрады.

2-кесте – Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша өнеркәсіптік өнімнің нақты көлемінің өндірісі мен индекстері

Қызмет бағыты	Қаңтар-желтоқсандағы өндіріс көлемі, қолданыстағы бағамен, млн.теңге	Өнімнің нақты көлемінің индексі, %		
		2013 жылғы желтоқсан		2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға қатысты 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан
		2013 жылғы қарашаға қатысты	2012 жылғы желтоқсанға қатысты	
Бүкіл өнеркәсіп	616 104	104,7	101,0	105,5
оның ішінде:				
өндеуші өнеркәсіп	483 132	99,3	101,3	108,4
электрмен жабдықтау, газ бен бу беру және ауа тазарту	111 413	138,9	89,4	95,2
сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау	21 559	97,8	80,3	100,2

Өндеуші өнеркәсіптің қызмет түрлерінің көпшілігі бойынша өнім шығарудың ұлғайғаны байқалады, автокөлік құралдарының өндірісінде, компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісінде, жиһаздар өндірісінде, химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісінде, тоқыма бұйымдарының өндірісінде неғұрлым ілгерілеу артқаны байқалады.

Инвестициялар

2013 жылдың қаңтар-қараша аралығында негізгі капиталға құйылған инвестициялар көлемі 416 344,4 млн. теңгені құрады, бұл 2012 жылдың қаңтар-қараша аралығымен салыстырғанда 3,5 % артық. Алматы қаласының кәсіпорындары мен ұйымдары игерген негізгі капиталға құйылған инвестициялар үлесі республикалық көлемінің 8,0 %-ын құрады.

Негізгі капиталды қаржыландырудың негізгі көзі кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 61,0%. Қарыз қаражатының үлесі – 21,8% және бюджет қаражаты – 17,2% құрайды. Шетелдік қаражаттың үлесі жоқ.

Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың едәуір бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар – 70,1% және мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындар – 18,3% игерді. Басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының меншігіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың үлесіне 11,6 % тиесілі.

Түркісіб – 86,2 %, Алатау – 14,5 %, Медеу – 4,0 % және Әуезов – 0,7 % аудандарында негізгі капиталға құйылған инвестициялардың өскені, ал қалған аудандарда төмендегені байқалады.

Машиналарды, жабдықтарды, құралдарды, мүкәммалды сатып алудың үлес салмағы 55,4% және ғимараттар мен құрылыстарды салу мен күрделі жөндеу жұмыстарының үлес салмағы 41,6% қомақты. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың жалпы көлеміндегі басқа күрделі жұмыстар мен шығындар 3,0 %-ды құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – ТКШ жаңғырту бағдарламасы) іске асыруға және Алматы қаласының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалануға 2012 жылы ӘКК 1479,5 млн. теңге бөлді, ол жалпықалалық көрсеткіштің 0,32 %-ын құрайды. 2012 жылғы инвестициялардың құйылу көлемі 2011 жылғы көрсеткіштен 49 %-ға артық. Республикалық бюджет бағдарламаларды қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады.

Құрылыс индустриясы

Соңғы жылдары негізгі бөлігін 40 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келген үйлер құрайтын қаланың тұрғын үй қорын жаңғырту проблемасы өзекті сипат алды. 2013 жылғы қаңтар-қарашада пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы ауданы 1 036,0 мың шаршы м. құрады. 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы ауданы 3,2%-ға өсіп, 753,7 мың шаршы м. құрады

2013 жылғы қаңтар-қарашада тұрғын үй құрылысына 74 880,1 млн. теңге инвестиция салынды, бұл 2012 жылғы қаңтар-қарашаға қарағанда 28,3% артық. Тұрғын үйлердің басым бөлігін – 595,3 мың шаршы метрін немесе 79,0%-ын жеке меншік нысанындағы құрылыс салушылар пайдалануға берген, оның ішінде жалпы іске қосу көлемінің 28,4 %-ын құрайтын 213,9 мың шаршы метрін халыққа пайдалануға берді.

Мемлекеттік меншік нысанындағы құрылыс салушылар тұрғын ғимараттардың жалпы ауданының 148,5 мың шаршы метрін немесе 19,7 %-ын пайдалануға берді.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы Бостандық 21,5 %, Алатау 35,8% және Түрксіб 4,5% аудандарында артқаны байқалды.

2013 жылдың қаңтар-қараша аралығында білім беру және денсаулық сақтау саласында 4 800 оқушы орнына арналған 4 жалпы білім беретін мектеп, 480 орынға арналған мектеп жасына дейінгі мекеме және бір ауысымда 724 адам қабылдайтын 3 амбулаторлық-емханалық мекеме пайдалануға берілді.

2013 жылғы қаңтар-қараша айларында құрылыс жұмыстарының (көрсетілген қызметтерінің) көлемі 190 987,1 млн. теңге құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 91,3% болды. Алматы қаласының құрылыс ұйымдары орындаған құрылыс жұмыстары (көрсетілген қызметтері) көлемінің үлесі республикалық көлемнің 9,0 %-ын құрайды.

Алматы қаласы бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің ең ауқымдысын жеке меншік – 90,5%, шетелдік – 9,3%, мемлекеттік – 0,2% құрылыс ұйымдары орындады.

Құрылыс жұмыстарының көлемінде құрылыс-монтаж жұмыстары 86,1 %, күрделі жөндеу жұмыстары – 8,3% және ағымдағы жөндеу жұмыстары – 5,6% құрады.

Құрылыс ұйымдары орындаған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) жалпы көлемінде ең қомақты үлес ғимараттарды тұрғызу жөніндегі жұмыстарға 36,0 %, автомагистраль мен жолдарды салу жөніндегі құрылыс жұмыстарына 12,0 %, электр монтаждау жұмыстарына – 9,7 %, сумен жабдықтау, жылыту және ауа тазарту жүйелерін орнату жұмыстарына 8,0 % тиесілі.

Тұрғын үй құрылысында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 37 037,5 млн. теңгені немесе орындалған құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің 19,4 %-ын құрады.

ӘКК ТКШ жаңғырту бағдарламасының қаржы операторы болып табылады.

Сауда және көрсетілетін қызметтер

2013 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында бөлшек сауда айналымы 997,7 млрд. теңгені құрап, 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,2 %-ға ұлғайды. Жылдың басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар өткізген тауарлардың, базарларда дара кәсіпкерлер өткізген тауарлардың айналымынан бөлшек сауда айналымының жалпы көлемінен 900,8 млрд. теңге сомасында (90,3 %), шетелдік кәсіпорындар – 96,9 млрд. теңге (9,7 %) сомасында кіріс алды.

Сауда жасайтын кәсіпорындар 648,2 млрд. теңге сомасына (жалпы көлемнің 65,0 %-ы) тауар өткізді. 2013 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында көтерме сауда айналымы 4 310,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылдың қаңтар-қыркүйегінен 22,1% артық. Негізгі көлемнің 85,2 %-ы жеке меншік нысанындағы кәсіпорындарға тиесілі.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары 41,7 млрд. теңге сомасына, автомобильдерге, мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жұмыстары бойынша 5,1 млрд. теңге сомасына қызметтер көрсетті.

2013 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша бөлшек және көтерме саудада тауар қоры 400,9 млрд. теңгені құрады, оның 284,6 млрд. теңгесі (70,9 %-ы) көтерме саудада шоғырланған. Бөлшек желідегі тауарлар қорымен қамтамасыз ету деңгейі сауданың 63 күнін құраса, көтерме кәсіпорындардың қоймаларында – 51 күнді құрады.

ӘКК Алматы қаласының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін сатумен айналысты, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасының өсуіне жол бермеу осының түпкілікті нәтижесіне айналды. Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын сату есебінен тұрақтандыру қорының тауарлар тізбесіне кіретін өнімдердің бағасын орта есеппен 5 %-ға азайтуға мүмкіндік болды.

Көлік

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда Алматы қаласының көлігі 194,2 млн. тонна жүк тасымалдады, бұл 2012 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейіне қарағанда 15,4 %-ға артық. Осы кезеңдегі жүк айналымы 18 911,6 млн. тонна-километрді құрады және 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 5,3 %-ға өсті.

2013 жылы 4 237,4 млн. жолаушы тасымалданды, бұл 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 11,4 %-ға артық, жолаушылар айналымы 32,4 млрд. адамды құрады. 2012 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 2013 жылы жолаушы-километр 12,8 %-ға өсті. 2013 жылдың қараша айымен салыстырғанда желтоқсанда тасымалданған жолаушылардың саны 0,9 %-ға кеміді, тасымалданған жүк көлемі 0,7% өсті.

Жүк тасымалдарының ең көп көлемін қалалық жол көлігі жүзеге асырды, қызметтерді жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар көрсетті. 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2013 жылғы қаңтар-желтоқсандағы құрлықтағы өзге жүк айналымы 5,3 %-ға ұлғайды. Әуе көлігінде тасымалданған жүк көлемі 22,7 мың тоннаны құрады.

2013 жылы құрлықтағы көлікпен тасымалданған жолаушылар саны төмендегідей болды: автобуспен – 74,6% (3 156,0 млн. адам), таксимен – 24,9 % (1054,8 млн. адам), электр көлігімен – 0,5% (22,7 млн. адам).

2013 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында жолаушылар тасымалына пайдалануға берілген метрополитенмен жолаушылар тасымалдау кірді.

Әуе көлігімен тасымалданған жолаушылардың саны 3706,5 мың адамды құрады.

Жалпы тасымалданған жүк көлемінде автомобиль көлігінің үлесі 99,99 %, әуе көлігінің үлесі – 0,01 % құрады. Жүк айналымындағы автомобиль көлігінің үлесі 99,7%, әуе көлігінің үлесі – 0,3% құрады.

Тасымалдау қашықтығына байланысты жолаушылар айналымында әуе көлігінің үлесі 23,1% құрайды.

Кейбір жағдайлардағы қорытынды мен қосылғыштар сомасының арасындағы шамалы айырмашылық мәліметтерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

Шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ)

Шағын бизнесте 94 341 компания бар, оның ішінде мемлекеттік – 1280, жеке меншік – 79 303, мемлекет қатысатын – 157, шет елдер қатысатын бірлескен кәсіпорындар – 4526, шетелдік – 9075 құрайды.

2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Алматы қаласының шағын кәсіпорындарындағы жұмыскерлердің жалпы саны 194,7 мың адамды құрады, бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы – 132 312 теңге.

2012 жылдың 4-тоқсанында өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің көлемі 531,5 млрд. теңгені құрады. Шағын кәсіпорындар шығыстарының көлемі 509,0 млрд. теңгені құрады, оның 18,4 %-ы – материалдық шығындар, еңбекақы төлеуге және амортизацияға жұмсалған шығындардың үлесі тиісінше 12,3 және 3,2% болды. Сальдо жасалған қаржы нәтижесі 40 060,1 млн. теңге сомасындағы кіріс ретінде анықталды. 2013 жылдың 1 қаңтарына барлық активтердің сомасы 4 241,3 млрд. теңгені құрады, оның 525,3 млрд. теңгесі – қор болып келеді.

Орта бизнесте 2 634 компания бар, оның ішінде мемлекеттік – 535, жеке меншік – 1715, мемлекет қатысатын – 31, шет елдер қатысатын бірлескен кәсіпорындар – 133, шетелдік – 220.

ШОБ-тың белсенді бөлігі, негізінен сауда кәсіпорындарында, сондай-ақ әрқилы қызметтер көрсету, автокөлік, тұрмыстық бұйымдарды жөндеу және басқалары жөніндегі кәсіпорындарда – 39,7 %, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 21 % шоғырланған.

Қазақстанның шағын және орта бизнесінің 30 %-ы Алматы қаласында шоғырланған, оның үлесіне бюджетке түсетін жалпықалалық түсімдердің 61 %-ы тиесілі, осыған байланысты ШОБ қала қазынасын толықтырудың негізгі қайнар көзі болып табылады.

ӘКК бұл секторға баса назар аударады және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі – ҮИИДМБ) шеңберінде ШОБ қатысушыларымен белсенді жұмыс жүргізеді әрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасының (бұдан әрі – БЖК

2020 бағдарламасы) "Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту" деген төртінші бағытын іске асыруға қатысуды жоспарлайды. Осы бағыт аясында шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету көзделген, ол ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге және шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқытуға сайып келеді.

ШОБ қолдау аясында Инвесторларға қызмет көрсету орталығын (бұдан әрі – ИҚО) құру жоспарлануда, оның базасында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша экспресс-курстар ұйымдастырылатын болады. Негізінен, кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге қолдау көрсетілетін болады. Бұдан басқа, ИҚО инвестицияны тартуға және өңірдегі әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Агроөнеркәсіптік кешен

Өңірдегі жеміс-көкөніс өнімдері өндірісінің деңгейі қатысты түрде жыл сайын сақталып отырғанына және жер ресурстарының, табиғи-климаттық жағдайлардың, түрлі көкөніс және жеміс-жидек дақылдарын өсіру дәстүрінің болуына қарамастан, Алматы қаласы өзін жеміс-көкөніс өнімдерімен толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Тұрғындардың меншікті жеміс-көкөніс өнімдерін тұтынуы жылына 4-5 айға созылады, жылдың қалған уақытында өнімдер импорт арқылы келеді және тұрғындардың пайдалану деңгейін толығымен қамтамасыз етпейді. Нарыққа отандық және импорттық өнімдердің түсу көлеміндегі өзгерістермен негізделген өндірістің маусымдық сипатта болуының және тиісінше нарық сыйымдылығының өзгеруінің ықпалымен күнтізбелік жыл ішінде бағаның ауытқып тұратыны байқалады.

Халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін ішкі өндіріс көлемі жеткіліксіз болатын қысқы кезеңде көкөніс бағасының неғұрлым жоғары болатыны байқалады. Бұл кезеңдерде, импорттық өнімдерді, әсіресе, Қытай Халық Республикасынан, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан өнім әкелу көлемі артады. Өз кезегінде, қазақстандық нарықтағы бағалар осы елдердегі нарық бағаларына тікелей байланысты болады. Соның нәтижесінде осы өндірілген өнімнің бүкіл көлемі тұтынушыға өзіндік құнынан 2-3 есе артық бағамен сатылады.

Осылайша, қазіргі таңда өңірде жеміс-көкөніс өнімінің нарығын дамытуға кедергі келтіретін бірқатар проблемалар орын алып отыр. Мыналар негізгі проблемалар болып табылады: нарық субъектілеріне түрлі жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру, жеткізу және олардың болжамды көлемі туралы жеткілікті ақпараттың хабарланбауы, отандық сауда-логистика жүйесінің әлсіз ұйымдастырылуы, жеміс-көкөніс өнімдерінің саудасын ұйымдастырудың болмауы және тауарды жеткізу бойынша экспедиторлық қызметтердің бытыраңқы болуы.

Көкөністер мен жемістерді сақтау қоймалардан сату нарықтағы маусымдық бағалардың өсуіне тосқауыл болады. Осыған орай, өңірдегі көкөніс сақтау қоймаларының саны 1970 – 1980-ші жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқанын және сапасы жақсы әрі қомақты көлемдегі өнімді сақтауды қамтамасыз етуге қабілетті заманауи технологияларды енгізу арқылы күрделі жөндеуді талап ететінін атап өткен жөн. Сақтау қоймаларының көпшілігінде тоназытқыш жабдықтары жоқ, ауа тазарту жүйесі іске қосылмаған.

Жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау нарығындағы жағдайды жақсарту мақсатында қала төңірегіндегі көкөніс сақтау қоймалары мен жылыжайлар салу қажет, мұның өзі сұраныс жоғары болған кезде жеміс-көкөніс өнімдерінің тапшылығына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Шағын және орта бизнес субъектілерін көкөніс сақтау қоймалары мен жылыжай құруға тарту осы сегменттегі бәсекелестікті дамыту үшін алғышарт жасап, қалаға жеміс-көкөніс өнімдерін жыл бойы жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл бағаны тұрақтандыруға және оның төмендеуіне ықпал етеді.

Өңірде жеміс-көкөніс өнімдерінің бағасын ұстап тұру үшін ӘКК Алматы облысы әкімінің 2008 жылғы 10 қазандағы № 714-ө өкімімен бекітілген Алматы қаласының азық-түлік белдеуін дамыту жөніндегі жоспарды іске асыратын оператор болып табылады. Осы жоспарды жүзеге асыру аясында ӘКК Алматы қаласының аумағында сату үшін жеміс-көкөніс өнімдерін сатып алды. Бұған қоса, ӘКК Алматы қаласының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыруға қатысады, осыған байланысты жеміс-көкөніс және бақалық тауарларының тобы сатып алынды.

Осы бағыттағы ӘКК жұмысын оңтайландыру үшін қазіргі уақытта Алматы қаласында өзіндік көкөніс сақтау қоймасын салу өзекті мәселе болып табылады. Өзіндік көкөніс сақтау қоймасын іске қосу және пайдалану кезінде өнімді тоназытып жинау арқылы өзіндік құн бірнеше мәртеге азаяды. Құрғақ немесе тоназытып жинайтын үй-жайларды жалға алу шығыстарын салыстырсақ, "құрғақ" қоймаларды пайдалану экономикалық тұрғыдан анағұрлым пайдалы. Алайда, Алматы өңірінің климаттық жағдайларын ескерсек, көктемгі кезеңде тауардың бүлінуіне жол бермеу үшін жеміс-көкөніс өнімдерін құрғақ қоймада сақтау ұсынылмайды. Себебі, өнім құрғақ қоймада сақталған кезде сәуір айынан бастап өнімді салқындатудың қажетті температурасы қамтамасыз етілмейді, бұл табиғи шығын мөлшерінің өсуіне әкеп соқтырады.

Туризм

2012 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығымен салыстырғанда 2013 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында қызмет көрсетілген келушілердің саны 10,5 %-ға азайды және 523,2 мың адамды құрады. Туризм саласында көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 13887,9 млн. теңгені құрады.

2013 жылдың қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысы бойынша сырттан келетін туризм бойынша келушілердің саны 8,1 мың адамды құрады. Сыртқа шығатын және ішкі туризм бойынша тиісінше 71,4 және 7,5 мың адамды құрады.

Есепті кезеңде келушілерге қызмет көрсетуді туристік қызметпен айналысатын 661 туристік фирма жүзеге асырды. Олар 88 087 адамға қызмет көрсетті.

Алматы қаласында 85 орналастыру орындары қызмет атқарады (80 – қонақ үй , 4 – басқа орналастыру орындары, 1 – балаларға арналған сауықтыру лагері), онда 5327 орын бар, бұл ретте біржолғы сыйымдылық 10082 төсек-орынды құрайды. Орналастыру орындары 436,1 мың адамды орналастырып, 11122,6 млн. теңгеге қызмет көрсетті.

Өңірдегі туризм индустриясын дамытудың негізгі мақсаттары:

1) өңірдегі халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және туристік саланың мемлекет экономикасына қосатын үлесін ұлғайту;

2) өңірдегі туризм индустриясының өсу әлеуетінің қомақты екенін ескере отырып, экономикалық өсу мен инвестицияларды ынталандыру;

3) туризм индустриясында және экономиканың ілеспе салаларында жұмыс орындарын құру, жалпы ішкі өнімнің және экспорттың өсімін арттыру;

4) ауылдық аудандарды қоса алғанда, жалпы елде және өңірлерде экономиканың аралас салаларында кәсіпкерлікті, оның ішінде ШОБ-ты және адами әлеуетті дамыту;

5) "жасыл экономика" қағидаттарының негізінде қазақстандық қоғамды ауқымды әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға ықпал ету.

Экономиканың басым секторларының бірі ретінде туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру және саланың дамуына жағдай жасау үшін қазақстандық туризмнің әлемдік туристік нарыққа ықпалдасуына арналған тиімділігі жоғары әрі бәсекеге қабілетті заманауи туристік кешендер құру қажет.

Алматы қаласының өкілі ретінде ӘКК өңірде және оның төңірегінде туризмді дамытуға ықпал етеді. Келешекте Алматы қаласын халықаралық тау, іскери және тау шаңғысы туризмінің орталығына айналдыру жоспарлануда. Болашақта Алматы қаласы "Қаладағы және таудағы ойын-сауық" кластері ретінде танылатын болады. Осы кластердің негізгі туристік өніміне МІСЕ-туризм (іскери туризм), мәдени туризм және турне, тауда және көлде демалу, қысқа мерзімді демалыс жатады.

Сыртқы орта факторларының ықпалы

Соңғы жылдары өзекті міндетке айналған кәсіпорындардың қызметіне сыртқы ортаның әрқилы факторларының ықпалын барынша азайту міндетін шешу үшін олардың жұмысына ықпал ететін негізгі факторларды анықтау және жүйелендіру талап етіледі. Сыртқы орта факторларының ықпалы салдарынан

туындауы мүмкін келеңсіз салдарды еңсеру жөніндегі шараларды осының негізінде ғана әзірлеуге болады.

Экономикалық дағдарыстардың туындау себептерін зерттеу көрсеткендей олардың ішінен ең басты біреуін бөліп көрсету мүмкін емес. Экономикалық дағдарыстар ішкі сипаттағы да, сыртқы сипаттағы да көптеген мән-жайлардан туындайды. Мұндай себептердің неғұрлым толық жиынтығын былайша көрсетуге болады. Сыртқы факторлардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: құқықтық, саяси, шаруашылық, демографиялық, технологиялық және экологиялық факторлар.

Саяси және құқықтық факторлар

Қазақстан Республикасында ӘКК құру өңірге назар аудара отырып, мемлекет экономикасының шикізат емес секторларын дамытудың жаңа құралдарын іздеу қажеттігінен туындады. Бүгінде ӘКК қызметі кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға, өндірістердің жаңаларын құруға және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға, инвестициялар тартуға, үкіметтік бастамаларды іске асыруға бағытталған.

Бұл ретте компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге саяси факторлар айтарлықтай ықпал етеді. Дағдарыс салдарынан әлемдік экономикада Қазақстан экономикасын дамыту перспективаларына ықпал ететін жаһандық өзгерістер болып жатыр.

Сонымен қатар, орнықты, ішкі саяси жағдайлар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық қатынасындағы көп бағыттылық облыс экономикасының қарқынды әрі серпінді дамуына ықпал етеді. Мемлекет экономиканың әрқилы салалары мен ӘКК дамытуға қолайлы ықпалын тигізетін шаралар кешенін қабылдауда.

Шаруашылық факторлар

ӘКК ықтимал шаруашылық тәуекелдерді ескеруі қажет. Экономиканың нақты секторына инвестицияланған мемлекет қаражатын қайтару мерзімдерінің ұзақтығын ескерсек, өнімді өндіру мен өткізудің әлеуетті көлемін, материалдық шығындардың құны мен жүкқұжат шығасыларын, өнім бағасын, шикізат пен материалдардың қолжетімділігін, жалпы нарық конъюнктурасындағы өзгерістерді аса мұқият салмақтап, бағалаған жөн.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кірген және аграрлық саясаттың әрқилы шараларын қолдану бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығын ішкі қолдау, тарифтік квоталау және кедендік баждардың деңгейі бойынша шектеулер күшейген жағдайда, азық-түлік нарығындағы бәсекелестіктің ұлғаюы ӘКК тиімді жұмыс істеуіне ықпал етуге қабілетті факторға айналуы мүмкін.

Демографиялық факторлар

Өңір тұрғындарының демографиялық өсуі және азық-түлікке деген қажеттіліктің артуы ӘКК-нің әлеуметтік қолдау және тұрғындарды бірінші қажеттілік өнімдерімен нарық бағаларынан төмен бағалармен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұзақ мерзімді негізде іске асыруына мүмкіндік береді.

Технологиялық факторлар

ӘКК Алматы қаласының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі мамандандырылған ұйым болып табылатынын әрі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағдарламасының шеңберінде жеміс-көкөніс және бакалея өнімдерін сатып алумен әрі сақтаумен айналысатынын ескерсек, технологиялық факторлар ӘКК қызметіне тікелей әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, тамақ өнімдері шикізатының салмағы мен сапасының жоғалуын барынша азайту үшін оларды сақтау кезіндегі технологияларды пайдалану қажет.

Азық-түлік шикізаты мен дайын өнімді сақтау тамақ өндірістеріндегі кез келген технологиялық процестің бастапқы және соңғы сатысы болып табылады. Оның қажеттігі шикізат пен өнім өндірісі маусымдық, ал тұтыну – жыл бойғы сипатта болатынымен негізделген. Бұл операцияның басты міндеті белгілі бір уақыт ішінде, кейде тіпті ұзақ уақыт бойы шикізаттың саны мен сапасын сақтау болып табылады. Жемістерді, көкөністер мен картопты сақтау бірнеше айға, ал белгілі бір жағдайларда жылдарға созылуы мүмкін. Өнім түрлерінің әрқилылығын және қомақты көлемін ескерсек, ұзақ уақыт бойы сақтау айтарлықтай техникалық және технологиялық проблема туындатады.

Сақтаудың шарттары мен мерзімдері жемістер мен көкөністерді сақтаудың технологиялық циклы, сақтау қоймасына орналастыру және қоймалардың санитариялық-гигиеналық жай-күйі арқылы айқындалады. Сақтау режимдері ауа температурасымен, оның қатыстық ылғалдылығымен, ауа айналысымен, газ құрамымен, жарықтандырумен және орналастырумен сипатталады. Көрсеткіштердің бәрі өзара байланысты, бірақ ауа температурасы мен оның қатыстық ылғалдылығының маңызы неғұрлым жоғары. Жемістер мен көкөністерді сақтау температурасының оңтайлы мәндерінің шектері олардың мұздау нүктесі мен ескіруді, жемістің шіруін және көкөністердің тамырлануын жеделдететін температура арасында болады.

Экологиялық факторлар

Қысқы және жазғы температуралар арасындағы ауытқу айырмасы жоғары, қыс мезгілі ұзаққа созылатын күрт континентальды климат ауыл шаруашылығына зор әсерін тигізеді. Алматы қаласы мен оның іргесіндегі мекендерді қоса алғанда көптеген өңірлер болашақта жылдық және маусымдық жауын-шашын көлемінің күрт қысқаруының салдарынан зардап шегуі мүмкін. Қуаңшылық ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығына ықпал етіп,

егіс алқаптарының құрылымына өз түзетулерін енгізетіні сөзсіз. Соңғы уақыттарда Қазақстанның көптеген өңірлерінде аптап ыстық пен аңызбақтардың салдарынан ауыл шаруашылығы дақылдарының 40%-дан 50%-ға дейінгі егістіктері пайдаланудан шығып қалуда.

Климаттың су ресурстарының жай-күйіне ықпалы да айтарлықтай проблема туындатады. Ірі және шағын су тоғандары таязданып, егіс алқаптарындағы суару мүмкіндіктері төмендеп барады, астық өсіретін аудандарда жерасты суларын сорып алу жиілеп барады. Диқаншылық жағдайларының нашарлауына әкеп соқтыратын ықтимал климаттық өзгерістер өсімдік шаруашылығы өнімдеріне деген әлемдік қажеттіліктің ұлғаюына да, ирригациялық жүйелер мен заманауи суару жабдықтарына деген сұраныстың артуына да ықпал етуі мүмкін. Бұл ӘКК-нің өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен экспортын ұлғайтуға өз ықпалын күшейтуіне мүмкіндік береді.

Ішкі ортаны талдау

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін ӘКК-ге мемлекеттік активтер (акционерлік қоғамдар, мемлекеттің қатысу үлесі бар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, жылжымайтын мүлік объектілері, жер учаскелері мен ақша қаражаты) берілген. Осы активтердің базасында ӘКК жобаларды жеке бизнеспен әріптесе отырып іске асырады.

ӘКК алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу инфрақұрылым, бизенс-орта құру, өңірдегі іскерлік белсенділікті арттыру үшін жағдайлар жасау және инвестициялар тарту, сондай-ақ өңірде орын алып отырған әлеуметтік проблемалар мен міндеттерді шешуге жәрдемдесу арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуға мүмкіндік береді.

2011 – 2012 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының жалпы мемлекеттік рейтингтерін құру қорытындысына сәйкес ӘКК "Лидер Казахстана 2013" мәртебесінде "Рейтинг алтынына" ие болды.

Ұйымдық қалыптасуы

ӘКК "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 4 хаттамасына сәйкес құрылды, 2010 жылғы 27 тамызда мемлекеттік тіркелді.

ӘКК атауының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына сәйкес әкімдіктің 2011 жылғы 24 наурыздағы №1/167В қаулысымен "Алматы" өңірлік даму әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қайта тіркелді.

ӘКК қызметін регламенттейтін құжаттар бекітілді, басқару органдары құрылды және ӘКК құрылымы бекітілді. Мемлекеттік басқарудың орталық және

жергілікті атқарушы органдарымен, даму институттарымен, сол сияқты кәсіпкерлік қауымдастықтарымен және бірлестіктерімен өзара әрекет орнатылды. Қазіргі таңда, жарғылық қызметті (қаржы активтері, жер учаскелері, мемлекеттік және басқа кәсіпорындардағы акциялар пакеттері) жүргізу үшін қаражат тарту жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

"Алматы қаласы қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 1 шешімімен ӘКК директорлар кеңесінің құрамы бекітілді.

Қаржы көрсеткіштері

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӘКК активтерінің теңгерімдік құны 12 576,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

қысқа мерзімді активтер – 6 707,3 млн. теңге;

ұзақ мерзімді активтер – 5 869,6 млн. теңге;

2013 жылғы пайда 95 616 мың теңгені құрады.

2013 жылы 1 қызметкерге шаққандағы орташа кіріс 1 770,67 мың теңгені құрады. Қызметкерлердің штат саны – 54 бірлік.

ӘКК шығынсыздық деңгейіне шығу мерзімі – 2014 жыл.

Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру арқылы алынатын кіріс ӘКК-нің кіріс бөлігінің негізгі құрамдастарының бірі болып табылады. Айталық, 2012 жылы жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен ӘКК кірісі 28 %-ға ұлғайды. 2011 – 2013 жылдар аралығындағы кезеңде алынған дивидендтер нысанындағы кіріс 21628,41 мың теңгені құрады. 2012 жылы алынған дивидендтер нысанындағы кіріс 2011 жылдың көрсеткіштерінен шамамен 3 есе асып түсті.

Корпоративтік басқару

Құрылымы:

жоғары органы – ӘКК акционерлерінің жалпы жиналысы;

басқару органы – ӘКК директорлар кеңесі;

директорлар кеңесінің төрағасы – Алматы қаласының әкімі;

атқарушы орган – төраға басқаратын басқарма.

ӘКК мүддесінде әрекет ете отырып, тиімді, кәсіпқой әрі тәуелсіз Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың тиісті деңгейін қамтамасыз етіп, дамудың стратегиялық бағыттарын айқындайды, акционерлердің құқықтарын қорғап, басқарма қызметін бақылауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар ретінде бизнес-қоғамдастықтың өкілдерін қосу ӘКК қызметін тәуелсіз әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді./

ӘКК-нің басқарушылық практикасына басшылық пен құрылымдық бөлімшелер басшыларының апта сайынғы жедел кеңестерін өткізу енгізілген. Мұндай практиканы енгізу нәтижесі мынадай:

- 1) басқарушылық шешімдер қабылдаудың жеделдігін арттыру;
- 2) шешімдердің орындалуын бақылауды жақсарту;
- 3) құрылымдық бөлімшелер басшыларының жұмысқа ден қоюын арттыру, шынайы командалық жұмыс үшін жағдайлар жасау.

Басқару органдарының өзара іс-қимыл жасау деңгейін жоғарылату мақсатында ӘКК тәуелді ұйымдар мен компанияларды дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығару үшін оларды корпоративтік басқаруды енгізу және жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді. Бұл шаралар бизнес-жобаларды іске асырудың тиімділігін арттыруға және тәуелді компаниялар құнының өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқару қағидаттарын қолдану ӘКК қызметіне объективті талдау жүргізу үшін негіз болады. ӘКК қызметінің заңнамаға және халықаралық стандарттар мен корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ менеджменттің заманауи әдістерін енгізу корпоративтік басқару басымдығы болып табылады.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының ең үздік корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуде оң тәжірибесі бар екенін атап өту қажет, осыған байланысты, ӘКК-де корпоративтік басқару деңгейін жоғарылатудың құрылымдалған және дәйекті тәсілін енгізу үшін ӘКК "Самұрық-Қазына" Корпоративтік университетімен өзара тығыз іс-қимыл жасауды жоспарлап отыр.

Уақыт өте келе ӘКК есептерін, оның ішінде басқарма, Директорлар кеңесі мен ӘКК акционерлерінің шешімдерін жариялау практикасы енгізілетін болады (жасырын ақпаратты қоспағанда), мұның өзі ӘКК қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге және ашықтығын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ӘКК қызмет бейініне сәйкес келетін дамушы нарықтардағы ірі компанияларда жұмыс тәжірибесі бар білікті шетелдік мамандарды тарту мүмкіндігі көзделеді. ӘКК-нің кадр саясаты қайта қаралып, бизнесте жұмыс тәжірибесі бар адамдар мен "Болашақ" бағдарламасының түлектерін тартуға бағдарланатын болады.

Тиімді менеджмент жүйесін, ӘКК-нің нарық жағдайларында жұмыс істеуіне байланысты барлық тәуекелдерді анықтауға бағытталған ішкі бақылау және мониторинг тетігін енгізу жоспарланып отыр.

Корпоративтік басқару рейтингін беру мақсатында ӘКК-дегі корпоративтік басқаруды бағалау жүргізілген жоқ. Осыған байланысты, рейтингтің ағымдағы мәні айқындамаған, рейтинг алу жөніндегі іс-шараларды 2015 жылы жүргізу жоспарланған.

Кадр саясаты

Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларын басшылыққа ала отырып, ӘКК жалақы, жұмыс күнінің ұзақтығы және еңбек жағдайлары, қызметкерлерге еңбегі үшін сыйақы төлеу, әлеуметтік сақтандыру, ақысы төленетін демалыс беру, еңбекті қорғау және т.б. мәселелер бойынша халықаралық стандарттарды сақтайды.

Нарықтық экономика жағдайларында жоғары кадрлық әлеуетті қамтамасыз ету кәсіпорынның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторларының бірі болып табылады. Бұған қол жеткізудің неғұрлым өнімді тәсілі ӘКК-нің стратегиялық бағдарланған саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын кадр саясатын әзірлеу және іске асыру болып табылады.

Кадр саясатының мақсаты командалық рухы бір, адами ресурстардың әлеуетін барынша іске асыру және корпоративтік өзара іс-қимыл жасау тетіктерінің пәрменділігі арқылы ӘКК алдында тұрған міндеттерді сапалы әрі жедел шешуге қабілетті, кәсіпқойлығы жоғары еңбек ұжымын қалыптастыру болып табылады.

ӘКК жұмыскерлерін ынталандырудың материалдық және материалдық емес көтермелеуді қамтитын жүйесі білікті персоналды тартуға және ұстап қалуға, жұмыскерлердің еңбек нәтижесіне қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Материалдық көтермелеу ӘКК қызметінің мақсаттары мен қол жеткізілген нәтижелеріне тікелей тәуелді болатын нақты сыйақылар төлеу, сондай-ақ әрбір қызметкер жұмысының түйінді көрсеткіштерінің есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Жұмыскерлерді ынталандыру ӘКК алдына қойылған міндеттерді орындаудағы маңызды фактор болып табылады. ӘКК жұмыскерлерін ынталандыру мақсатында қызметкерлерді көтермелеудің материалдық және материалдық емес нысандарын қамтитын жүйе іске асырылады:

1) сендіру, адал еңбегі үшін көтермелеу әдістерімен, сондай-ақ жұмыскерлердің тәртіптік оқыс әрекет жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану арқылы жеке және ұжымдық еңбек ету, жұмыскерлердің еңбекке деген саналы көзқарасы үшін қажетті ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар жасау жолымен еңбек тәртібін қамтамасыз ету;

2) қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

3) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтандыру.

Бұдан басқа, кадр саясаты қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұдайы өткізіп тұруды көздейді. Бұл шара қолда бар әлеуеттің тиімділігін ұлғайтуға және ӘКК барлық қызметкерлерінің одан әрі кәсіптік өсуіне бағытталған.

ӘКК активтерін басқару

ӘКК жарғылық капиталын төлеуге республикалық және коммуналдық меншіктен 32 жылжымаймын мүлік объектісі берілді. Сот шешіміне сәйкес тұрғын емес объектілердің біреуі иеліктен шығарылды, тұрғын емес бір объект Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне қайтарылды. Қазіргі таңда, ӘКК 28 тұрғын емес үй-жайдың және 2 жер учаскесінің меншік иесі болып табылады.

Бүгінгі таңда ӘКК теңгерімінде мыналар бар:

1) тоғыз жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі, оның ішінде төртеуі ӘКК 100% қатысатын еншілес кәсіпорын;

2) жеті акционерлік қоғамдағы акциялар.

Активтер ӘКК теңгеріміне берілген кезден бері "Алматы сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Алматы ликер-арақ зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өтімсіздігіне байланысты сот шешімімен банкрот деп танылды.

Сол сияқты, ӘКК сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүргізеді және "Түскиіз" халықтық-көркемдік кәсіпшілік үйдегі еңбек нысандары фабрикасы" мемлекеттік кәсіпорнын басқарумен айналысады.

ӘКК берілген активтермен ауқымды жұмыс жүргізіп, оларды оңалту жөнінде оң нәтижеге қол жеткізді. Алайда, бүгінгі күні қомақты капитал салымдарын қажет ететін бірқатар проблемалар бар:

1) берілген кезде берілген объектілердің көпшілігі авариялық жағдайда болды, соның салдарынан ӘКК-нің объектілерді жалға беруге мүмкіндігі жоқ;

2) акциялары мен қатысу үлестері ӘКК жарғылық капиталын төлеуге берілген компаниялардың көпшілігі берілген кезде шығынды жағдайда болды, бұл дивиденд төлеуді жоққа шығарады;

3) жалға берілген тұрғын емес ғимараттардың ішінен 23 объект табысты, 1-еуі шығынды болып табылады, ол "РУХ" жастар одағы" қоғамдық бірлестігіне тапсырылады. ӘКК-нің әлеуметтік жобаларды қолдауы жылжымайтын мүліктен түсетін табыстың төмен болуын негіздейді;

4) берілген 30 объектінің ішінен 4-еуінде инженерлік коммуникацияның болмауына, географиялық қолайсыз орналасуына және бұл ғимараттардың авариялық жағдайда болуына байланысты, бұларға сұраныс жоқ.

Жалға берілетін активтерді дайындау мен пайдалану кезіндегі проблемалы мәселелерді шешу үшін 2012 жылы аталған объектілерде жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Директорлар кеңесінің шешімімен 2012 жылдың 9 шілдесінде ӘКК активтерін сату туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілді. Бұл іс-шаралар осы бағыттағы жұмысты жүйелендіруге мүмкіндік береді, мұның өзі перспективада жалға беру төлемін 20 %-ға арттыруға және жарғылық капиталдан шығынды, өтімсіз активтерді жоюға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштердің атауы	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	БАРЛЫҒЫ
Кірістер, оның ішінде:	32 682 014	95 006 503	115 882 655	243 571 172
Жалға беруден алынатын кіріс	32 682 014	95 006 503	115 882 655	243 571 172
Шығындар, оның ішінде:	60 968 104	76 857 898	76 162 893	213 988 895
Жер салығы	1 262 543	2 105 788	2 180 639	5 548 970
Мүлік салығы	14 042 350	19 685 150	18 539 243	52 266 743
Амортизация	36 985 983	55 066 960	55 443 011	147 495 954
Ғимаратты жөндеу (Өтепов көшесі, 8)	8 677 228			8 677 228
Пайда	-28 286 090	18 148 605	39 719 762	29 582 277
Рентабельділік, %	-85,64	19,10	32,31	10,97

3-кесте – ӘКК еншілес кәсіпорындарының тізбесі

№	Атауы	ӘКК қатысу үлесі
1	"Jetisy Service Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100%
2	"Алматы Азық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100%
3	"Jetisy" қонақ үйі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100%
4	"Алматы Көмек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100%
5	"Қазнипицветмет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49%
6	"Транссервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	14,48%
7	"Қазмедсервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	4,60%
8	"Құрылысконсалтинг" акционерлік қоғамы	49%
9	"Алматы технологиялық паркі" акционерлік қоғамы	47,95%
10	"Іскер" акционерлік қоғамы	4,51%
11	"ҚСП "Рахат" акционерлік қоғамы	8,938%
12	"Бахус" акционерлік қоғамы	9,7344%
13	"Монтажспецстрой" компаниясы" акционерлік қоғамы	5,81%
14	"Jetisy" акционерлік қоғамы	3,37
15	"Түскізіз Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49%
16	"Freshexpoagro" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10%

Кестеде көрсетілген кәсіпорындардың пайдалылығын былайша көрсетуге болады:

1) 2010 жылдан бері "Бахус" акционерлік қоғамына және "Монтажспецстрой" компаниясы" акционерлік қоғамына 21 633 мың теңге сомасына дивиденд есептелді. 2010 жылы – 3218793 тг., 2011 жылы –

14 657 825 тг., 2012 жылы – 3756871 тг.;

2) 2013 жылы "Монтажспецстрой" компаниясы" акционерлік қоғамы және "Рахат" ҚСП" акционерлік қоғамы бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылданды;

3) "Алматы Азық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Алматы Көмек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын іске асыру жөніндегі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады;

4) "Алматы технологиялық паркі" акционерлік қоғамы бойынша сот талқылауы жалғасуда;

5) "Қазмедсервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі берілген кезінен бері жұмыс істемейді;

6) "Түскиіз Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Freshexpoagro" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2013 жылы құрылған;

7) "Құрылысконсалтинг" акционерлік қоғамы, "Транссервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Жетісу" қонақүйі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Алматы Азық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Алматы Көмек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шығынды болып табылады.

ӘКК Басқармасының 2012 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен ӘКК жылжымайтын мүлік объектілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде комиссия құрылды.

ӘКК-нің еншілес кәсіпорындарының бәрін шығынсыздық деңгейіне шығару үшін активтерді оңалту жөніндегі шаралар кешені дайындалды, бұл жарғылық капиталдан өтімсіз және шығынды активтерді шығарып, бос қаражатты тұрақты пайда беретін неғұрлым перспективалы бағыттарға салуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар кешенін жүзеге асыру жыл өткен сайын табысы азая бастаған немесе мүлде кіріс әкелмейтін шығынды кәсіпорындарды да, сол сияқты артта қалған кәсіпорындарды да жоюға ықпал етеді. Активтерді оңалту жөніндегі шаралардың бәрі іске асырылғаннан кейін жақын арадағы 3 жыл ішінде ӘКК осы бағыт бойынша шығынсыздық деңгейіне өтуді көздеп отыр және кейінгі жылдар ішінде қомақты кіріс алуды жоспарлап отыр.

ӘКК инвестициялық қызметі

Инвестициялық қызмет ӘКК қаржы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, ол – мемлекеттік инвестициялық саясат пен жеке меншік бизнес арасындағы байланыстырушы буын, бұл ретте әлеуметтік және экологиялық мәселелермен байланысты міндеттерді шешудің тірек нүктесі болып табылады.

ӘКК инвестициялық саясатының негізгі мақсаты – инвестициялық қызметке қажетті қаржылық ресурстарды жұмылдыру, инвестициялық белсенділіктің құлдырауын болдырмау және капитал салудың тиімділігін арттыру.

ӘКК-нің инвестициялық саясаты инвестициялық қызметті өз қаражатының есебінен жүзеге асыратын, әсіресе, индустриялық-инновациялық технологияларды дамытуды көздейтін жеке меншік инвесторлар мен кәсіпорындар үшін қолайлы климат қалыптастыруға бағытталған.

Инвестициялық жобаларды қаржыландырудағы басымдықтарды айқындауды ӘКК мынадай екі критерий бойынша жүзеге асырады:

1) жергілікті және республикалық нысаналы және инновациялық бағдарламаларын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға басымдық беріледі;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жеке меншік секторды тарта отырып, өңірлік нарықтағы бос орындарды иелену.

Қолданыстағы жобалар:

Алматы қаласының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану.

ӘКК Алматы қаласының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану бойынша мамандырылған ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1280 қаулысымен бекітілген Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Тұрақтандыру қорлары жөніндегі бағдарлама) сәйкес Алматы қаласының азық-түлік нарығындағы бірінші қажеттілік тауарларына бағалардың өсуін болдырмау үшін тұрақтандыру қорынан сауда интервенцияларын жүргізу мақсатында ӘКК әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алады және кейіннен оларды сақтайды.

Тұрақтандыру қорлары жөніндегі бағдарламаны іске асыру үшін "Азық-түлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы 1 561,1 млн. теңге көлемінде кредиттік қаражат бөлді. 2013 жылдың бірінші тоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік берешек толық өтелді. Бөлінген қаражатқа мынадай іс-шаралар жүргізілді:

1) Тұрақтандыру қорын қалыптастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекіткен тізбе мен көлемге сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатып алынды. Жеміс-көкөніс өнімдері мен бакалея тауарларының топтарын қоса алғанда, сатып алынған тауарлардың көлемі 16 042,7 мың тоннаны құрады;

2) ӘКК-нің еншілес кәсіпорны, осы бағдарламаның операторы болып табылатын "Алматы-Азық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімдерін меншікті сауда жүйесі арқылы өткізуді жүзеге асырады;

3) бакалея өнімдерінің тұрақты түрде сатылуын қамтамасыз ету мақсатында бір ауысымда өнімділігі 5 тоннаға жететін өлшеп-орайтын жабдықтар сатып алынды;

4) тұрақтандыру қорының қорын толтыру мақсатында 2013 жылы республикалық бюджеттен 1 166,0 млн. теңге көлемінде қаржы қаражаты бөлінді. Комиссия отырысында азық-түлік тауарларының 2013 жылға арналған тізбесі мен көлемі бекітілді.

Алматы қаласының азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі бағдарлама

Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі бағдарлама бойынша жергілікті бюджеттен 1 825 млн. теңге көлемінде қаржы қаражаты бөлінді. Аталған Бағдарламаны жүзеге асыру барысында мынадай іс-шаралар өткізілді:

1) ӘКК-нің еншілес кәсіпорны – "Алматы-Азық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базасында меншікті сауда-логистикалық инфрақұрылымы құрылды, оған: сауда орындары, өңірлерден ауыл шаруашылығы өнімін тасымалдауға арналған көлік құралдары, қала ішіндегі логистикаға арналған көлік құралдары, тоңазытқыш және сауда жабдықтары кіреді;

2) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден тікелей 14 мың тонна көлемінде өнім сатып алынды. Сату қаладағы орташа бөлшек сауда бағасынан 15 % төмен бағамен жүзеге асырылды;

3) Бағдарлама аясында жалпы ауданы 0,66 га құрайтын 22 қабыршақты жылыжай салынды;

4) аграрлық өнеркәсіптік кешенді қолдау үшін тауар өндірушілермен фьючерстік негізде келісімшарт жасалады. Азық-түлік тауарларының көкөністер тобы мен картоп қорын толтыру мақсатында осы ауыл шаруашылығы өнімдерін 2014 жылдың қазан-қараша айында жеткізу үшін Алматы және Павлодар облыстарының отандық тауар өндірушілерімен фьючерстік келісімшарт жасау жоспарлануда.

ТКШ жаңғырту бағдарламасы

ТКШ жаңғырту бағдарламасы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуды жүргізуге арналған шараларды әзірлеу мен қабылдауды, тұрғын үй қатынастарының оңтайландырылған моделін жасауды, халыққа көрсетілетін тұрғын-үй коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ арнайы қаржыландыру тетіктерін құру арқылы көппәтерлі тұрғын үйлерді термोजаңғыртуды қоса алғанда, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуді жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ТКШ жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ӘКК-ге республикалық бюджеттен 432,5 млн. теңге бөлінді. 2011 жылы – 120,0 млн. теңге, 2012 жылы – 312,5 млн. теңге.

2013 жылы ТКШ жаңғырту бағдарламасына бөлінген қаражат көппәтерлі тұрғын үйлерді терможаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін "Тұрғын үй" мамандырылған уәкілетті ұйымына сенімгерлікпен басқаруға берілді.

ӘКК директорлар кеңесінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 10 шешімімен бекітілген Алматы қаласының автомобиль көлігін энергияның экологиялық таза баламалы көздеріне ауыстырудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама).

Автокөлікті газдандыру ӘКК инвестициялық қызметін дамытудың басым бағытының біріне айналды. Айталық, Алматы қаласының ауа бассейнінің ластануының 90 %-ы автокөлікке тиесілі. Бағдарлама қалыптасқан жағдайды жақсарту үшін дайындалды және бекітілді. Аталған Бағдарламада үш негізгі бағыт көзделген: автогазтолтырушы компрессорлық станциялар (бұдан әрі – АГТКС) салу, автокөлікті газды отынға ауыстыру үшін қолжетімді кредиттер беру және автомобильдерді газды отынды пайдалануға қайта жабдықтау жөніндегі сервистік орталықтарды дамыту.

ӘКК АГТКС-терді жеке меншік инвесторлардың қатысуымен салуды көздеп отыр. Бүгінгі таңда біршама компаниялардың үлестік қатысуы шеңберінде АГТКС бірлесіп салу мүмкіндігі туралы уағдаластық бар.

Бүгінгі күні ӘКК Алматы қаласының жер қатынастары басқармасымен бірге АГТКС құрылысы үшін жер учаскелерін іздеумен айналысуда. Автомобиль газын өздігінен сатып алудан бастап сақтау, сату объектілерінің инфрақұрылымының құрылысына дейін, сондай-ақ кең ауқымды PR-науқан өткізуге дейін кешенді іс-шаралар өткізуді көздейтін жобаның қаржы-экономикалық негіздемесі дайындалды. Келешекте ӘКК АГТКС салу үшін қаланың түрлі аймақтарынан бес жер учаскесін алуды жоспар отыр.

Автокөлікті газды отынға қайта жабдықтауға байланысты бір жолғы шығыстарды жабу үшін қолжетімді кредит ресурстарын беру үшін 2011 жылы ӘКК "Алматы-Көмек" микрокредит ұйымын құрды, ол қала халқына жылдық 8 % мөлшерінде кредит ресурстарын береді. Бағдарлама аясында автокөліктің 44 бірлігі қайта жабдықталды, лизингілік қызметтерді ұсыну кестесі дайындалды. Ірі автопаркі бар заңды тұлғалар әлеуетті қарыз алушы болып табылады.

Газды отынды пайдалану қала атмосферасына шығарылатын уытты заттарды шамамен 2-3 есеге азайтып қана қоймай, сонымен бірге автокөлік иелерінің үнемдеуіне де мүмкіндік береді, себебі жанармай бағасынан газдың құны 1,5-2 есе төмен.

Корей технологиясы бойынша жылыжай кешенін салу

Меншікті қаражатқа жалпы ауданы 0,66 га. корей технологиясы бойынша жылыжай кешенін салу:

1) жобаның жалпы құны – 54 млн. теңге;

- 2) өзін-өзі ақтау мерзімі – 2 жыл;
- 3) өнімділігі – жылына 160 т. қызанақ пен қияр.

Құрылыс бойынша ӘКК қаржы-экономикалық негіздемені дайындады және келешекте жеке әріптесімен бірлесе отырып, өз қаражатына маусымаралық кезеңде қияр мен қызанақ өсіру бойынша жалпы ауданы 0,66 га құрайтын туннельдік үлгідегі 22 қабыршақты жылыжай салынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысымен бекітілген "2010 – 2014 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасы" бағдарламасы (бұдан әрі – Индустрияландыру картасы) бойынша жүзеге асырылатын жобалар.

ӘКК "GEGA" логистикалық орталығын салу жобасын іске асыру жөнінде жұмыс жүргізеді. Кешен бір мезгілде 18 вагонға қызмет көрсетіп және 36 бірліктегі автомобиль фураларына жүк түсіру/тиеу жұмыстарын атқаруға мүмкіндік беретін жүк қабылдайтын-жөнелтетін теміржол фронтымен бөлінген, жалпы ауданы 40 мың шаршы м. құрайтын екі дербес корпусан тұрады. Бұл жоба Индустрияландыру картасына кіреді. Алматы қаласының мәслихаты сессиясының 2010 жылғы 12 қазандағы шешімімен құрылысты аяқтау үшін ӘКК жарғылық капиталы 4 050,0 млн. теңгеге ұлғайтылды.

Орталық Азия өңірінде "А+" тобындағы ірі логистикалық кешеннің құрылысы аяқталды. Кешен 2013 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілді және толығымен қызмет атқарады.

ӘКК негізгі қызмет бағыттары және жоспарланған жобалары:

- 1) көкөніс сақтау қоймасының құрылысы жобаның жалпы құны 1 414,2 млн. теңгені құрайды, оның 452,2 млн. теңгесі теміржолдың тұйықталған орны бар және Алматы қаласының шегінде қажетті инженерлік қамтамасыз етілген 2 га жер учаскесін сатып алуға жұмсалатын шығындарды құрайды. Жоба бойынша негізгі құралдарды сатып алу үшін капитал шығындары түріндегі 962,0 млн. теңге сомасындағы шығыстарды жеке меншік инвесторлардың есебінен өтеу көзделуде.

Өзін-өзі ақтау мерзімі – 6,5 жыл.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде ӘКК тоңазытып сақтау қоймасында 13 мың тонна көлемінде жеміс-көкөніс өнімдерін сақтауды көздеп отыр, бұл ретте жыл бойы сақтаудың өзіндік құны айына 1 кг үшін 0,35 теңгені құрайды;

- 2) "ҚазАгроФинанс" акционерлік қоғамының қатысуымен жалпы аумағы 10 га құрайтын голландық технологиямен жылыжай кешенін салу жобаның жалпы құны – 2 млрд. 340 млн. теңге;

өзін-өзі ақтау мерзімі – 7 жыл;

өнімділігі – жылына 5,2 мың тонна қызанақ пен қияр (маусымаралық кезеңде жалпықалалық тұтынудың 15 %-ға дейінгі көлемін өтейді);

салынған қаражаттың қайтарылуы – 5 жыл.

Осы жоба шеңберінде жеміс-көкөніс өнімдерін буып-түю жөніндегі зауыт салу көзделген;

зауыт өнімділігі – жылына өнімнің 23 мың тоннасын орайды;

жұмыс орындардың жалпы саны – 140 адам;

3) алынбайтын қорама қалып жүйесін шығару жөніндегі желіні іске қосу;

жобаның жалпы құны – 525 млн. теңге;

жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарлануда;

ӘКК жер учаскесін ұсынады;

жеке меншік инвесторлар ғимарат, жабдықтар мен айналым капиталын ұсынады.

Инновациялық даму

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жоғары технологиялы өндірістерді дамыту және ЖӨӨ дамыту көзделеді, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру үшін ӘКК қызметті мынадай бағыттарда жүргізуде жоспарлап отыр:

1) өңірдің инновациялық дамуына қолдау көрсету;

2) ИҚО ашу;

3) Қазақстан ғылымына қолдау көрсету;

4) Алматы қаласының аумағында орналасқан "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағымен (бұдан әрі – "ИТП" АЭА) өзара іс-қимыл жасау;

5) "жасыл экономика" бағдарына көшу;

6) Алматы қаласының Алатау ауданында индустриялық аймақ құру.

Өңірдің инновациялық дамуына қолдау көрсету

Экономиканың шикізат түрінен инновациялық түріне ауысуды қамтамасыз ету үшін жаңа жоғары технологияларды дамыту негізінде Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіруі үшін ӘКК мынадай іс-шараларды өткізетін болады:

1) ӘКК базасында Research&Development орталығын құру, онда қазақстандық жобалар бойынша жаңа технологияларды зерттеу, талдамалық сүйемелдеу және өңдеу жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады. Бұл орталықтың ашылуы энергия ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға және олардың негізгі қорлары мен активтерін басқаруды жеңілдетуге мүмкіндік береді;

2) инновациялық шешімдерді пайдалана отырып, кешендік және технологиялық күрделі жобаларды жүзеге асыратын еншілес кәсіпорынның

базасында инжинирингтік және жобалау компаниясын құру. Компанияның негізгі міндеті отандық зерттемелерді енгізу және мемлекет ішінде инновацияға деген сұранысты арттыру болмақ;

3) бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін шетелдік университеттермен, экспорттық ұйымдармен және шет елдердің кәсіпорындарымен белсенді түрде ынтымақтастық жасау.

ИҚО ашу

Өңірдегі шетелдік инвесторларды қолдау және сүйемелдеу мақсатында ӘКК ИҚО ашуды жоспарлап отыру.

ИҚО негізгі міндеттері:

1) өңірге инвестициялар тарту;

2) инвесторлардың жобаларын өңірлік деңгейде сервистік қолдау және сүйемелдеу.

ИҚО функциялары:

1) қазақстандық және шетелдік тараптар арасында бірлескен кәсіпорындар құру үшін отандық және шетелдік инвесторларды іздеу;

2) әлеуетті инвесторлар үшін өңірде "бірінші терезе" функцияларын жүзеге асыру;

3) инвесторлар үшін өңірлік деңгейде мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыруға жәрдемдесу;

4) әлеуетті инвесторлар үшін перспективалы және қолданыстағы жобалар бойынша өңірлік дерекқорды қалыптастыру және енгізу;

5) ИҚО құзыретінің шегінде облыс аумағында инвестициялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу;

6) жеке инвестор мен мемлекет, қазақстандық және шетелдік бизнес өкілдері арасында диалог алаңқайын құру;

7) инвесторлардың проблемалы мәселелері бойынша өңірлік деңгейде консультация беру, инвесторлардың мүддесін қорғау;

8) инвесторларды, уәкілетті мемлекеттік органдарды, жұмылдырылған даму институттарын және өзге де мүдделі ұйымдарды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;

9) жергілікті кәсіпкерлер үшін инвестициялар тартуға және оларды тиімді пайдалануға қатысты оқыту семинарларын өткізу;

10) инвесторлардың уәкілетті мемлекеттік органдармен, даму институттарымен келіссөздерін, кездесулерін, "дөңгелек үстелдерін" және қазақстандық және шетелдік тараптардың қатысуымен форумдар, көрмелер ұйымдастыру;

11) халықаралық инвестициялық іс-шараларда өңір мүддесін білдіру;

12) ИҚО құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар, жергілікті кәсіпорындар мен инвесторлар арасында шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қоюға жәрдемдесу;

13) инвесторларды сервистік қолдау шеңберінде өзге де қызметтер көрсету.

Қазақстан ғылымына қолдау көрсету

Қазақстандық ғылымға қолдау көрсету мақсатында ӘКК бірлескен кәсіпорындар ашу және шетелдік профессорларды тарту арқылы отандық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отыр.

Негізгі инновациялық кластерлер – "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымымен және "ИТП" АЭА-мен ынтымақтастық жөніндегі меморандумдар жасасу ынтымақтастықтың алғашқы қадамы болып табылады.

"ИТП" АЭА-мен өзара іс-қимыл жасау

ӘКК "ИТП" АЭА-ның дамуына мынадай бағыттарда барынша жәрдем көрсетуді жоспарлап отыр:

1) бизнес, мемлекет және "ИТП" АЭА арасында конструктивті өзара іс-қимыл жасауды жолға қою;

2) "ИТП" АЭА аумағындағы, оның ішінде инфрақұрылымды дамытуға арналған жобаларды және қатысушылардың жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыру;

3) "ИТП" АЭА қызметінің басым түрлеріне сәйкес келген жағдайда, ӘКК-ге өтініш берген бизнеске ұсынымдар беру жолымен "ИТП" АЭА дамытуға жәрдемдесу;

4) бизнеске түсетін жүктемені азайтуға және бәсекелі нарыққа жылдам шығуға бағытталған бірлескен өзара іс-қимыл жасау схемаларын әзірлеу (жобаны "ИТП" АЭА аумағында іске асыру, ӘКК тарапынан қаржыландыру);

5) "ИТП" АЭА нысаналы жобаларын, оның ішінде Алматы қаласы – Алатау кенті "ИТП" АЭА көлік (қоғамдық) қатынасын жақсарту жөніндегі жобаларды дамыту;

6) "Жасыл қала" тұжырымдамасының шеңберінде велосипед жолдарын салу;

7) "ИТП" АЭА қатысушыларына консалтингтік қызметтер көрсету.

Жасыл экономика

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілді. Тұжырымдамаға сәйкес ӘКК іске асырылып жатқан жобалардың бәрін "жасыл экономика" бағдарына көшіру мақсатында тереңдетілген жүйелі өзгерістер үшін негіз қалауды жоспарлап отыр, мұның өзі қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын азайтып, өңір тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жоғарылатуға ықпалын тигізбек.

Мыналар "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер болып табылады:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру.

ӘКК-нің "жасыл экономикаға" көшуі бүкіл республика бойынша "жасыл экономика" бағдарына көшу тұжырымдамасына сәйкес іске асырылатын болады. Ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ "жасыл экономика" инфрақұрылымын құру ӘКК-нің негізгі басымдығы болмақ. "Жасыл экономиканың" қалыптастырылған инфрақұрылымының негізінде суды үнемдеп пайдалануға, дамуды көтермелеуге және ынталандыруға, жаңартылатын энергетика технологияларын кеңінен енгізуге, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ӘКК жобаларының бәрін қайта өзгерту басталады.

Алматы қаласының Алатау ауданындағы Индустриялық аймақ

Таяу жылдары Алатау ауданында Индустриялық аймақ құру қаланың инновациялық дамуының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Жобаны жүзеге асыру аясында 2012 жылы техникалық-экономикалық негіздеме дайындалды, дамудың негізгі салалары анықталды, өз өнімдерін Алматы қаласының Алатау ауданындағы Индустриялық аймақ аумағында орналастырғысы келетін жеке меншік компаниялардың қатарынан әлеуетті қатысушылардың тізімі жасалды.

2013 жылы жобалау-сметалық құжаттама дайындау аяқталды, жол құрылысын бастау жоспарлануда, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды жеткізу басталды, сонымен бірге әлеуетті қатысушылардың қатарынан жобаларды іріктеу басталды.

Сондай-ақ, ӘКК Алматы қаласының әкімдігімен мемлекеттің әлеуетті инвесторлармен өзара қарым-қатынас жасауының тетіктерін әзірлеу және Алматы қаласының Алатау ауданындағы Индустриялық аймағының аумағында салуға болатын инвестициялық жобаларды іріктеу критерийлерін әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

Индустриялық аймақта 7 өндірістік сектор жоспарланады:

1) тамақ өнеркәсібі;

2) фармацевтикалық өнеркәсіп;

3) жеңіл өнеркәсіп;

- 4) машина жасау;
- 5) жиһаз өнеркәсібі;
- 6) химия өнеркәсібі;
- 7) құрылыс өнеркәсібі.

Жобаның жүзеге асыру кластерлік тәсіл негізінде заманауи өндірістің дамуымен байланысты біршама мәселелерді шешуге, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қала сыртына көшіру есебінен қала экологиясын жақсартуға, Алматы қаласы Алатау ауданындағы әлеуметтік шиеленісті азайтуға мүмкіндік береді.

SWOT-талдау

4-кесте – ӘКК SWOT- талдау

Мықты тұстары:	Осал тұстары:
жылжымайтын мүлік пен бастапқы капиталдың болуы; өңірлік даму институтының мәртебесі; қызметтің көпсалалығы; еншілес кәсіпорындардың тармақталған желісінің болуы; мықты басқарушылық құрам; сауатты қызметкерлер құрамы; инновацияны енгізу; қаржылық орнықтылық.	инвестицияны тарту бойынша қызметтің оң нәтижесіне қол жеткізудің ұзақ мерзімді сипаты; қызметі шығынды компанияларға үлестік қатысу; кейбір жылжымайтын мүлік объектілерінің лайықсыз жағдайы; ; әлеуметтік бағыт; даму институттарымен өзара қарым-қатынастың жетілмеуі; бюджеттік қаржыландыруға тәуелділіктің жоғары деңгейі.
Мүмкіндіктері:	Ықтимал қауіптер:
жергілікті атқарушы органмен тығыз ынтымақтастық жасау; мемлекеттік қолдау; отандық және халықаралық қор нарығына шығу; республикалық және жергілікті бюджеттерден инвестициялық жобаларды қосымша қаржыландыру; мемлекеттік бағдарламаға қатысу; ірі индустриялық-инвестициялық жобаларға қатысу; өсіп келе жатқан инвестициялық және инфрақұрылымдық әлеует.	еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың және оларды бақылаудың тиімсіз жүйесі; жобалық қауіптерді арттыратын ӘКК тиімсіз жобалық менеджменті; ӘКК өткізетін өнімнің өзіндік құнын арттыру; бұрын басталған жобалар бойынша мәлімделген құралдардың берілуін уақытша тоқтату немесе толық алмау – танылым деңгейінің жеткіліксіздігі; еншілес кәсіпорындар мен тәуелді ұйымдарда сапа стандарттарының жоқтығы.

ӘКК функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қауіптері ӘКК өз қызметінің процесінде бірқатар қауіптердің пайда болуымен бетпе-бет келуі мүмкін. Оларды басқару үшін қауіптің туу көзі мен түріне байланысты стандартты және арнайы жағдай шаралары қолданылады.

5-кесте. ӘКК функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қауіптері

Қауіптің атауы	Арнайы ден қою шаралары қолданылмаған	Қауіптерді басқару тетігі
----------------	---------------------------------------	---------------------------

	жағдайдағы ықтимал салдар	
1	2	3
Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың және оларды бақылаудың тиімсіз жүйесі	Рентабельді емес және шығынды активтердің болуы	Еншілес және тәуелді ұйымдармен жұмыс істеу және бақылау бағдарламасын құру. Оларды қадағалау үшін жауапты менеджерлерді бекіту
Жобалық қауіптерді арттыратын ӘКК тиімсіз жобалық менеджменті	Инвестициялық жобаларды дайындау кезіндегі іркілістер және мерзімдердің ұзартылуы	Инвестициялық жобаларды дайындап және жүзеге асыра алатын топты қалыптастыру және әрбір жеке жобаға жауапты менеджерді тағайындау
ӘКК жүзеге асыратын өнімнің өзіндік құнын арттыру	Өнім өндірісі мен сатылымның азаюы	Өнімнің өзіндік құнын азайту және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін шаралар жүргізіледі
Бұрын басталған жобалар бойынша мәлімделген құралдардың берілуін уақытша тоқтату немесе толық алмау	Жоба қызметін тоқтата тұру	Жобаны қаржыландыруда баламалы көздерді іздеу
Еншілес кәсіпорындарда сапа стандарттарының жоқтығы	Өндірілетін өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілетсіздігі	Халықаралық сапа стандартын дайындау мен енгізу үшін қаржылық және консалтингтік қолдау көрсету

2. ӘКК миссиясы, пайымы, мақсаты мен міндеттері

ӘКК миссиясы – мемлекет пен бизнестің әріптестігі қағидаттарында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу.

ӘКК пайымы – активтерді тиімді басқаратын, өңірдің өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті, оның ішінде инвестициялар тарту арқылы ынталандыратын және бәсекеге қабілетті орнықты өндірістерді қалыптастырудың катализаторы ретінде әрекет ететін өңірлік даму институты.

ӘКК мақсаты – активтердің құнын ұлғайту.

ӘКК негізгі міндеттері:

1) өңір экономикасының басым секторларында (өсу нүктелерінде) бәсекеге қабілетті өндірістердің жаңаларын құру және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту;

2) мемлекеттік активтердің іскери айналымға тартылуын қамтамасыз ету, проблемалы активтерді сауықтыру және олардың базасында бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту;

3) өндірістік және басқарушылық озық технологиялар мен стандарттарды енгізу;

4) активтердің құнын ұлғайту;

5) жаңадан басталған бизнесті қолдау инфрақұрылымын дамыту (бизнес-инкубаторлар, технопарктер, индустриялық аймақтар);

6) басым салаларда кластерлерді дамыту, сондай-ақ өңірлердің жүйе түзуші және ірі компанияларының айналасынан ШОБ дамыту жөніндегі әріптестік бағдарламаларын үйлестіру арқылы өңірлердегі бизнес-бастамаларды қолдау;

7) ӘКК қызметінің шеңберінде бизнеске қаржылай емес қолдау көрсету;

8) бизнес-жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастықты өрістету;

қоржынды компаниялар арасындағы коммуникация мен дағды алмасуды дамыту;

9) өнімді ішкі және сыртқы нарықтарда неғұрлым белсенді ілгерілету үшін өнім брендингіне жәрдемдесу;

10) перспективалы жобаларды іске асыру үшін өңірлерге отандық және шетелдік инвесторларды тарту, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында тарту;

11) үлестік қаржыландыру, активтер түрінде қатысу арқылы инвесторларға жобаларды іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуда жәрдем көрсету;

12) өңірлердің негізгі мамандануын ескере отырып, өңірлік даму карталарын әзірлеу және инвесторлар тарту үшін перспективалы әрі бәсекеге қабілетті жобалардың тізбесін қалыптастыру.

ӘКК негізгі функциялары

Меншікті жобаларды басқару процестерін, бірлескен жобаларды іске асыру шеңберінде өзара іс-қимыл жасау процестерін оңтайландыру мақсатында мынадай функциялар айқындалған:

1) ұйымдастырушылық функция – берілген активтерді басқару және одан әрі дамыту, жобалар мен инвесторларды консультативтік сүйемелдеу;

2) инвестициялық функция – меншікті қаражат есебінен инвестициялық қызмет, инвестициялар тарту жөніндегі жұмыс;

ӘКК-нің қызметі тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларында айқындалған экономиканың басым салаларында өз өңірі үшін перспективалы, тіршілікке бейім, бәсекеге қабілетті және инновациялық жобаларды іске асыруға бағытталған.

Жекелеген мемлекеттік бағдарламаларды іске асырушы – ҮИИДМБ, Индустрияландыру картасы, "БЖК 2020" бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысымен бекітілген "Өнімділік 2020" бағдарламасы және т.б. шеңберінде өңірлік жобаларды іске асыруға жәрдемдесу.

Даму стратегиясын іске асыру кезеңдері

1-кезең – 2014 – 2015 жылдар

Бірінші кезеңде мықты тұстар мен мүмкіндіктерді барынша пайдалану жолымен ӘКК осал тұстарын күшейту және ықтимал қауіптерді нивелирлеу

бойынша белсенді жұмыс жүргізілетін болады, мұның өзі ӘКК-нің осы стратегияны іске асырудың екінші кезеңіне шығуына мүмкіндік береді, бұл кезең айналымды ұлғайтуға ғана байланысты. Аталған кезеңде мынадай нәтижелерге қол жеткізу көзделеді:

- 1) дебиторлық берешекті жабу;
- 2) қызметі залалды еншілес компанияларды сауықтыру;
- 3) авариялық күйдегі жылжымайтын мүлік объектілерін қалпына келтіру;
- 4) имиджді жоғарылату бойынша белсенді насихаттау жұмысы;
- 5) инвестициялық климатты жақсарту.

2-кезең – 2016 – 2023 жылдар

Екінші кезеңде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу бойынша кең ауқымды тиімді жұмыс жүзеге асырылмақ, оларды іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру;
- 2) өңірдегі жұмыс орындарының санын ұлғайту;
- 3) экспортқа бағдарланған, қосылған құны жоғары отандық өнімді өткізу, кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 4) берілген компаниялардың нәтижелілігін басқару жүйесін жақсартуды, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін корпоративтік басқару стандарттарын енгізуді қамтамасыз ету – активтерді қайта құрылымдау және ӘКК құрамына кіретін еншілес және тәуелді кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің сапалы жаңа деңгейіне көтерілу;
- 5) ӘКК еншілес кәсіпорындарының қор нарықтарына шығуы, сондай-ақ ӘКК-нің өзінің бастапқы орналастыруға (IPO) дайындығын қамтамасыз ету;
- 6) ӘКК инвестициялық қоржыны көлемінің өсуін қамтамасыз ету.

Қызметтің стратегиялық бағыттары (бұдан әрі – ҚСБ), мақсаттары, қызметтің түйінді көрсеткіштері және межелеген нәтижелер

ӘКК алдына қойылған міндеттер шеңберінде қызметтің мынадай басым бағыттары айқындалған:

- 1) инвесторлар тарту және өңірдің өсу нүктелерінде жаңа өндірістер құру;
- 2) өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті ынталандыру үшін жағдайлар жасау;
- 3) активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату;
- 4) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға және инвестициялық жобаларға қатысу.

1-ҚСБ. Инвесторлар тарту және өңірдің өсу нүктелерінде жаңа өндірістер құру

Мақсат. Бәсекеге қабілетті, импорт алмастыратын өндірістер құру үшін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде инвестициялар тарту.

Міндеттер:

1) кейінен коммерцияландыру мүмкіндігімен неғұрлым перспективалы инновациялық әзірлемелер мен өнертапқыштық ұсыныстарды іріктеу;

2) өңірдегі кәсіпкерлік қызметті жандандыру және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жекеше секторды тарта отырып, өңірлік нарықтағы бос орындарды иелену;

3) барынша көп пайда алу мақсатында ӘКК инвестициялық ресурстарын оңтайлы пайдалану;

4) іске асырылып жатқан бағдарламалар шеңберінде өңірдегі инвестициялық климатты жақсарту мәселелері, сондай-ақ іске асыру кезінде әкімшілік кедергілерді азайту бойынша жергілікті және республикалық атқарушы органдармен, ұлттық басқарушы холдингтермен және ұлттық компаниялармен өзара іс-қимыл жасау;

5) инновациялық бизнес-идеялар мен жобаларды іздеу, талдау және сүйемелдеу;

6) инновациялық бизнес-идеялар мен жобалар банкін қалыптастыру;

7) проблемалы мәселелерін шешу үшін өңірге шақырылатын инвесторларға қызмет көрсететін құрылым құру.

Іс-шаралар:

1) тәуекелдерді азайту және бизнес-жобаларды іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы инвесторларға қолайлы орта жасау;

2) еншілес және тәуелді ұйымдардың даму жобаларын қаржыландыру үшін бюджеттік және бюджеттен тыс инвестициялар тарту;

3) инвестициялық жобаларды сүйемелдеу инфрақұрылымын құру;

4) нысаналы өндірістік кластерлерді және оларды дамыту жөніндегі бағдарламаларды айқындау;

5) әлеуетті инвесторларға беру үшін пайдаланылмайтын жер учаскелері мен үй-жайлардың тізілімін қалыптастыру және жаңарту;

6) инвестициялық жобаны әзірлеу сатысында да, оны іске асыру сатысында да консультациялық қызметтер көрсету;

7) ақпараттық-презентациялық іс-шараларға қатысу (жарияланымдар, көрмелер, ресми кездесулер, форумдар, баспа, телевизиялық және электронды БАҚ, Интернет-ресурстар);

8) әріптестер іздеуде, іскери байланыстар орнатуда инвесторларға жәрдем көрсету, қажетті ақпарат беру;

9) инвесторлардың дерекқорын қалыптастыру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

- 1) бір жылда ӘКК инвестициялық қоржыны көлемінің өсімі;
- 2) инвестициялау көлемінің өсуі, пайызбен;
- 3) инвестициялардың рентабельділігі, пайызбен;
- 4) жекеше инвесторлардың қаражатын тартудың ӘКК салынған қаражатына арақатынасы, пайызбен;
- 5) өңдеуші және жеңіл өнеркәсіпке салынатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"Бәсекеге қабілетті, импорт алмастыратын өндірістер құру үшін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде инвестициялар тарту" мақсатына қол жеткізу нәтижесінде мыналарға қол жеткізілмек:

ӘКК 2015 жылдан бастап белсенді инвестициялық қызметті бастауды жоспарлап отыр және инвестициялық ресурстарды оңтайлы пайдалану есебінен мынадай көрсеткіштерді ұлғайтпақ:

- 1) 2015 жылдан бастап ӘКК инвестициялық қоржынының жыл сайын 10 % шамасында өсуі болжанады;
- 2) ӘКК инвестициялау көлемінің жыл сайын 10 %-ға өсуі болжанады;
- 3) инвестициялардың рентабельділігін 2015 жылы 3 % шамасында ұлғайтып, 2023 жылға қарай бұл көрсеткішті 10 %-ға дейін ұлғайту перспективасы жоспарланады;
- 4) жекеше инвесторлардың қаражатын тартудың ӘКК салынған қаражатына арақатынасы бастапқыда мейлінше аз болады (10 %), 2023 жылға қарай бұл көрсеткішті 48 %-ға дейін жеткізу жоспарланады;
- 5) өңдеуші және жеңіл өнеркәсіпке салынатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуін 2015 жылдан бастап 2023 жылға қарай кемінде 200 %-ға ұлғайту жоспарланады.

2-ҚСБ. Өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті ынталандыру үшін жағдайлар жасау

1-мақсат. Айналым қаражатын беру, бірлесіп қарыз алу, қосымша инвестор іздеу және тарту жолымен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жұмыс істеп тұрғандарын сауықтыру және ісін жаңадан бастағандарын қолдау.

Міндеттер:

- 1) ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін бизнес-инкубаторлар құру;
- 2) тұрғындардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін кластерлік салаларды қолдау;
- 3) экспортқа бағдарланған және импорт алмастыратын өнім өндірісін ұйымдастыруға бағдарланған жаңа бизнес-жобаларды қолдау;
- 4) қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсету жолымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды сауықтыру;

5) өңірде шағын кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз ететін тиімді инфрақұрылым объектілерін құруға ықпал ету;

6) оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру жолымен ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қолдау;

7) ӘКК жүзеге асыратын бағдарламалар шеңберінде жеңілдікті кредит беру.

Іс-шаралар:

1) мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде және меншікті қаражат есебінен қолдау көрсету үшін перспективалы жобаларды іздеу;

2) көрсетілетін қызметтер мен тауарларды ілгерілету жүйесін ұйымдастыру;

3) ШОБ кәсіпорындарын сауықтыру үшін қаражат салуға әзір инвесторларды мейлінше көп тарту мақсатында арнайы іс-шаралар жүргізу;

4) өңірдегі ірі компаниялармен әріптестік қатынас орнату және оны нығайту;

5) ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін оқыту бағдарламаларын және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар үшін консультациялар ұйымдастыру;

6) өңірде шағын кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз ететін тиімді инфрақұрылым объектілерін құру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп тұрған импорт алмастыратын кәсіпорындарды ұлғайту;

2) өңірде бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі;

3) өңірде ӘКК қатысатын бірыңғай кластер кәсіпорындарын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі;

4) өңірге шетелдік инвесторларды, оның ішінде "Global – 2000" тізімінен тарту (жыл сайын кемінде екеу);

5) инвестициялық, оның ішінде шетелдік капитал қатысатын жобаларды іске қосу.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"Айналым қаражатын беру, бірлесіп қарыз алу, қосымша инвестор іздеу және тарту жолымен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жұмыс істеп тұрғандарын сауықтыру және ісін жаңадан бастағандарын қолдау" деген 1-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады :

1) шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп тұрған импорт алмастыратын кәсіпорындар саны 2015 жылдан бастап жылына орта есеппен 1-еуге ұлғайтылатын болады;

2) өңірде құрылған бизнес-инкубаторлардың саны 2016 жылдан бастап әр 2 жыл сайын орта есеппен бір инкубаторға ұлғайтылып, 2023 жылға қарай 4 бірлікке дейін жететін болады;

3) өңірдегі ӘКК қатысатын бірыңғай кластер кәсіпорындарының саны 2017 жылдан бастап әр 3 жыл сайын орта есеппен бір кәсіпорынға ұлғайтылатын болады;

4) өңірге тартылған шетелдік инвесторлардың, оның ішінде "Global – 2000" тізімінен тартылғандардың санын 2015 жылдан бастап жыл сайын 2-еге ұлғайту жоспарланған;

5) жыл сайын іске қосылатын инвестициялық, оның ішінде шетелдік капитал қатысатын жобалардың санын 2015 жылдан бастап жыл сайын 5-еге ұлғайту жоспарланған.

2-мақсат. ӘКК мен оның құрылымдық бөлімшелерінің шеңберінде инфрақұрылымдық элементтерді қалыптастыру, өңірде инновациялық жобалардың дамуын ынталандыру.

Міндеттер:

1) инновациялық жобаларды ең басында іздеу мақсатында ұйымдармен және жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау жүйесін әзірлеу;

2) конкурстар мен инвестициялық форумдар өткізу арқылы инновациялық жобаларды жинау, талдау және іске асыру тетігін әзірлеу;

3) жаңа жобаларды іске асыру үшін ӘКК инновациялық қызметінің басым бағыттарын нақтылау;

4) индустриялық аймақ пен бизнес-инкубатор құру.

Іс-шаралар:

1) қазақстандық жобалар бойынша жаңа технологияларды зерттеу, талдамалық сүйемелдеу және өңдеу жөніндегі жұмыс жүргізілетін Research & Development орталығын құру;

2) жұмыс істеп тұрған еншілес кәсіпорынның базасында инновациялық шешімдерді қолдана отырып, кешенді әрі технологиялық тұрғыдан күрделі жобаларды іске асыратын инжинирингтік және жобалау компаниясын құру;

3) бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін шетелдік университеттермен, экспорттық ұйымдармен және шет елдердің кәсіпорындарымен белсенді ынтымақтастық жасау;

4) Алматы қаласының Алатау ауданында индустриялық аймақ құру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) инновациялық технологияларды пайдаланатын ірі бизнес-жобаларды ұлғайту;

2) инновациялық жаңа старт-ап жобаларды ұлғайту;

3) қарауға келіп түскен жаңа бизнес-өтінімдерді ұлғайту;

4) кәсіпкерлерге жүргізілген сауалнамаларды ұлғайту.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"ӘКК мен оның құрылымдық бөлімшелерінің шеңберінде инфрақұрылымдық элементтерді қалыптастыру, өңірде инновациялық жобалардың дамуын ынталандыру" деген 2-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

1) инновациялық технологияларды пайдаланатын жаңа бизнес-жобалардың саны 2016 жылдан бастап әр 2 жыл сайын орта есеппен бір жобаға ұлғайтылатын болады;

2) инновациялық жаңа старт-ап жобалардың саны 2016 жылдан бастап жыл сайын орта есеппен бір жобаға ұлғайтылатын болады;

3) қарауға келіп түскен жаңа бизнес-өтінімдердің саны 2015 жылы 30 өтінім болады деп күтілуде. Перспективада 2023 жылы бизнес-өтінімдердің саны 250-ге дейін ұлғайтылады;

4) кәсіпкерлерге жылына 2 рет сауалнама жүргізу жоспарланады.

3-ҚСБ. Активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату

1-мақсат. Активтерді тиімді басқару жүйесін әзірлеу

Міндеттер:

1) ӘКК активтерінің құнын өсіру;

2) мемлекеттік активтердің іскери айналымға қатысуын қамтамасыз ету, проблемалы активтерді сауықтыру және оларды бәсекеге қабілетті өндірістер базасында дамыту;

3) активтерді басқарудан түсетін пайданы ұлғайту;

4) өңірдің мемлекеттік активтерін тиімді басқару үшін оларды біртіндеп қабылдау.

Іс-шаралар:

1) ұқсас компаниялардың жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, менеджменттің, сапаның және бизнес-процестерді ұйымдастырудың әлемдік стандарттарына сай келетін корпоративтік басқару жүйесін құру;

2) жылжымайтын мүлік объектілерінде жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

3) қажетті коммуникациялар жеткізуді қажет ететін активтерге олардың бәрін жеткізу;

4) эмиссиялық кірісі жеткілікті акцияларды орналастыру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) күрделі жөндеу жүргізілген активтер санын ұлғайту, оның нәтижесінде олардың теңгерімдік құны артады;

2) активтерді жалға беруден түсетін кіріс көлемін ұлғайту;

3) уақытша бос мүлікті неғұрлым тиімді пайдалану;

4) оңалтудан өткен (сауықтырылған) кәсіпорындар санын ұлғайту;

5) бір қызметкерге шаққандағы таза пайда, мың теңгемен.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"Активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату" деген 1-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

1) 2015 жылдан бастап кемінде 1 активке күрделі жөндеу жүргізілетін болады, соның нәтижесінде оның теңгерімдік құны артады;

2) 2014 жылы активтерді жалға берудің рентабельділігі 3,7 %-ға ұлғайып, 2023 жылға қарай 8,72 %-ға жетеді;

3) 2017 жылға қарай ӘКК теңгеріміндегі бүкіл мүлікті пайдалану жоспарлануда;

4) 2015 жылдан бастап әрбір 2 жыл сайын 1 кәсіпорынды оңалту жоспарланып отыр;

5) бір қызметкерге шаққандағы таза пайданы жыл сайын кемінде 5 %-ға ұлғайту жоспарланады (1288,14 мың теңгеден 2023 жылы 1998,33 мың теңгеге дейін).

2-мақсат. ӘКК-ні, еншілес және аффилирленген компанияларды корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату.

Міндеттер:

1) ӘКК-ні корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру;

2) "ISO 9001 сапа менеджменті жүйесін" жыл сайын сертификаттау;

3) жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылату;

4) корпоративтік басқару рейтингін алу;

5) корпоративтік басқару кодексін практикаға енгізу;

6) ӘКК-дегі корпоративтік басқаруды регламенттейтін ішкі құжаттар жүйесін жетілдіру;

7) бұқаралық ақпарат құралдарына ӘКК-нің ақпараттық-имидждік қызметін жандандыру.

Іс-шаралар:

1) семинарларға, тренингтерге және біліктілікті жоғарылату курстарына қатысу;

2) ӘКК қызметкерлерін көтермелеу жүйесін енгізу;

3) қызметкерлер үшін әлеуметтік пакет енгізу;

4) корпоративтік басқару рейтингін алу;

5) ӘКК қызметіне тәуекел менеджментін енгізу;

6) өндірістік және басқарушылық озық технологиялар мен стандарттарды енгізу;

7) бизнесте жұмыс тәжірибесі бар жұмыскерлерді шақыру;

8) "Болашақ" бағдарламасының түлектерін жұмысқа шақыру;

9) шетелдік мамандарды шақыру;

10) бұқаралық ақпарат құралдарына ӘКК-нің ақпараттық-имидждік қызметін жандандыру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) корпоративтік басқару рейтингін алу;

2) қызметкерлердің басқару тиімділігін арттыру жөніндегі тренингтер мен семинарлардан өтуі;

3) "Болашақ" бағдарламасының мен қазақстандық және шетелдік беделді университеттердің түлектері қатарынан алынған жұмыскерлер санын арттыру;

4) шақырылған шетелдік мамандар санын арттыру;

5) веб-сайтқа кірушілер санын арттыру.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"ӘКК-ні, еншілес және аффилирленген компанияларды корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату" деген 2-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

1) корпоративтік басқару рейтингін алу жөніндегі іс-шараларды өткізу 2016 жылғы 1-тоқсанға жоспарланған;

2) тренингтер мен семинарларды өткізу жыл сайынғы негізде өткізіледі және оқытумен қамтылған қызметкерлердің коэффициентін жыл сайын 20 %-ға дейін ұлғайтып, бұл көрсеткішті 2019 жылға қарай 90 %-ға дейін жеткізу жоспарланған ;

3) "Болашақ" бағдарламасының түлектері мен қазақстандық және шетелдік беделді университеттерді бітірушілер қатарынан алынған жұмыскерлер саны жыл сайын ұлғайтылатын болады. 2015 жылы олардың саны қызметкерлердің жалпы санының 2 %-ын құрайды, ал перспективада мұны 18 адамға дейін ұлғайту жоспарланған;

4) шақырылған шетелдік мамандар саны 2017 жылға қарай 1 адамды құрайды , 2021 жылға қарай олар 2 адам болады;

5) веб-сайтқа кірушілер санын жыл сайын кемінде 30 %-ға ұлғайту жоспарланып отыр.

4-ҚСБ. Мемлекеттік бағдарламаларды және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу

"Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу" стратегиялық бағыты ӘКК-нің мыналарды іске асыруға қатысуын көздейді:

1) БЖК – 2020 бағдарламасы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарлама;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген "Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020";

4) басқа мемлекеттік бағдарламалар.

Осы стратегиялық бағыттың аясында өңірде технология мен инновацияны дамытуды, облысқа инвестиция тартуды, сол сияқты халықтың табысын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттарды жүзеге асыру көзделеді.

1-мақсат. Өңірлік инфрақұрылымды дамыту

Міндеттер:

1) инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға қатысу;

2) жылыжай кешенінің құрылысы;

3) көкөніс қоймасының құрылысы;

4) өзіндік логистикалық жүйені кеңейту.

Іс-шаралар:

1) заманауи технология бойынша көкөніс қоймасының құрылысы;

2) көкөністі өсіруде заманауи технологияны пайдалана отырып, қабыршақты жылыжай құрылысы және оны пайдалануға беру;

3) жеке меншік бизнеспен мемлекеттік-жекешелік әріптестік базасында " жасыл экономикаға" өту бойынша инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға қатысу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) жылыжай кешенін және көкөніс сақтау қоймасының құрылысын аяқтау және оларды пайдалануға беру;

2) әлеуметтік маңызы бар өнімдерді сату бойынша сауда орындарының санын арттыру.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"Өңірлік инфрақұрылымды дамыту" деген 1-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілмек:

1) 2014 жылдың екінші жартыжылдығында жылыжай кешенін және көкөніс сақтау қоймасының құрылысын аяқтау және пайдалануға беру;

2) 2014 жылы әлеуметтік маңызы бар өнімдерді сату бойынша сауда орындарының саны 49 бірлікті құрайды, ал 2023 жылға сауда орындарының саны 139 бірлікке жетеді.

2-мақсат. Автомобиль көлігін газды отынға ауыстыру арқылы экологияны жақсарту

Міндеттер:

1) экологиялық таза отынды пайдаланатын автомобиль көлігін пайдалану инфрақұрылымын дамыту;

2) АГТКС құрылысы арқылы соңғы тұтынушыға газды отынның қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) салық және кедендік баж салығын азайту арқылы авто иеленушілерді газды отынға өтуге ынталандыру;

4) автокөлікті газды отынға қайта жабдықтау үшін халыққа қолжетімді кредиттер беру.

Іс-шаралар:

1) халықты газды отынға өтудің негізгі артықшылықтарымен, оны пайдаланудың қауіпсіздігімен таныстыра отырып, PR-науқандар, таныстырулар мен жарнамалық акциялар өткізу;

2) автокөлікті газды отынға қайта жабдықтаумен байланысты бір реттік шығындарды өтеу үшін халыққа қолжетімді кредиттер беру;

3) 5 АГТКС құрылысы;

4) компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған көлікті әкелуге және пайдалануға салынатын салықтық және кедендік баждарды азайту үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық және Кеден комитеттерімен нысаналы жұмыс жүргізу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігінің санын арттыру;

2) Алматы қаласының шегінде 5 АГТКС құрылысы және оларды пайдалануға беру;

3) компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігін жөндеу және оларға қызмет көрсету бойынша сервистік қызмет құру.

Межеленген нәтижелер және есептеу әдістемесі:

"Автомобиль көлігін газды отынға ауыстыру арқылы экологияны жақсарту" деген 2-мақсатқа қол жеткізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілмек:

1) компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігінің саны 2023 жылға қарай 44-тен 3034-ке дейін жетеді;

2) 2016 жылға қарай Алматы қаласының шегінде 5 АГТКС құрылысы жоспарлануда;

3) 2016 жылға қарай компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігін жөндеу және оларға қызмет көрсету бойынша 3 сервистік қызмет құру жоспарлануда.

Жобаларды қаржыландыру

ӘКК жобаларын қаржыландыру капиталға құйылған инвестицияларды кейіннен қайтара отырып (кірісті қайта инвестициялау), бастапқы капиталдандыру қағидаттарына негізделген.

Қаржыландыру көздері:

1) ӘКК жарғылық капиталы;

2) жергілікті және республикалық бюджет қаражаты;

- 3) ӘКК қаржылық қызметінен алынған кірістер;
- 4) қайта инвестицияланған кіріс;
- 5) тартылған және қарызға алынған капитал;
- 6) ӘКК акциясын орналастыру арқылы жарғылық капиталды ұлғайту.

Алматы қаласының әкімдігі рентабельді емес активтерді тапсырған кезде осы активтерді сауықтыру жоспарына сәйкес қаржыландыруды қарастырады. Кірістің жеке есебін жүргізу, сауықтыру жоспарын дайындау, ӘКК-нің жобалардан шығуының талаптары мен шарттарын анықтау арқылы ӘКК қаржылық жағдайын жақсарту көзделеді.

Қаржыландыру құралдары:

- 1) қарыздық қаржыландыру;
- 2) жарғылық капиталға қатысу (оның ішінде, қосымша эмиссия/арттыру арқылы акцияларды/үлестерді сатып алу);
- 3) ӘКК-ге берілген жылжымайтын мүлік объектілерін жалгерлік пайдалануға тапсыру;
- 4) ӘКК-ге берілген жылжымайтын мүлік объектілерін сату;
- 5) қор құралдарын пайдалану.

Еншілес және тәуелді компаниялар үшін қаржыландыру құралдары:

- 1) ӘКК-дегі жер учаскелерін, жабдықтарды және басқа да активтерді тапсыру арқылы қаржы қаражаты жеткіліксіз компаниялардың жарғылық капиталын ұлғайту;
- 2) ӘКК активтерін беру бизнес-жоспарлар, техникалық-экономикалық негіздеме және қаржы-экономикалық негіздеме толығымен ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Жалпы, ӘКК даму стратегиясын жүзеге асыру Алматы қаласының экономикалық дамуының өсуіне, кластерлік тәсіл негізінде бірыңғай экономикалық нарық құруға және ішкі ресурстарды жұмылдыруға тиімді әсер етеді.

Стратегияны жүзеге асыру нәтижесінде бәсекеге қабілетті жаңа өндіріс орындарын құру, өңірдегі жұмыс орындарының санын арттыру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың экспортқа бағытталған отандық өнімді сату жөніндегі өнімділігін арттыру, рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындар санын азайту, кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Алматы қаласының әлеуметтік және экологиялық мәселелерін шешу межеленіп отыр.

	Жылыжай өндірістері мен көкөніс сақтау қоймаларын салу	сақтау қоймасы –1.										
2	Сауда нүктелерінің саны (бірлік)	49	59	69	79	89	99	109	119	129	1	
2-мақсат. Автомобиль көлігін газды отынға ауыстыру арқылы экологияны жақсарту												
1	Компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігінің саны (бірлік)	44	100	290	440	360	360	360	360	360	3	
2	Отын құю инфрақұрылымдарының саны	2	2	3								
3	Компримацияланған табиғи газға қайта жабдықталған автомобиль көлігін жөндеу және оларға қызмет көрсету бойынша сервистік қызметтер саны	1	1	1								

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК